

2012 жылдың қантарынан наурызына дейінгі кезеңде азаматтарды шақыру участкесіне тіркеуді өткізу үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімінің 2012 жылғы 13 қантардағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Эділет департаментінде 2012 жылғы 23 қантарда № 3-9-161 тіркелді. Орындалу мерзімі өтуіне байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкім аппаратының 2012 жылғы 2 қазандағы № 2334 хатымен

Ескерту. Орындалу мерзімі өтуіне байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкім аппаратының 2012.10.02 № 2334 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алушы жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2012 жылдың қантарынан наурызына дейінгі кезеңде «Мұғалжар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру участкесіне тіркеу жылы 17 жасқа толатын 1995 жылды туған ерекк жынысты азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген Мұғалжар ауданы аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеуден өткізу үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

Тіркеу өткізу шараларын орындауға байланысты шығындар жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылсын.

2 . Ұ с ы н ы л с ы н :

1) «Мұғалжар аудандық емханасы» және «Ембі аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық қесіпорындары (келісім бойынша) тіркеуді өткізу бойынша іс-шаралар жүргізсін.

2) «Мұғалжар аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстайды жүзеге асырасын.

3. Қалалар мен ауылдық округтерінің әкімдері тіркеуді өткізу кезеңінде әскерге шақыру жасына дейінгілерді және шақыруышыларды хабардар етіп,

олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

4. «Мұғалжар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығымен (келісім бойынша) азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымшылдықпен өткізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын. Тіркеу нәтижесі туралы 2012 жылдың 11 сәуіріне дейін аудан әкіміне хабарласын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.

Құрмашевқа

жүктелсін.

6. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Мұғалжар ауданының әкімі

C.Шаңғұтов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК